



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2022 ж.

АО "Қаражанбасмунай", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, _____, негізінде қызмет ететін _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2021 жылғы «30» желтоқсандағы № 59/21) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Стандартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.2.1. Бұл ретте Тапсырыс беруші Шартқа сәйкес талап еткен мыналарды жағдайда: - Қызмет нәтижесіне ақысыз түзетулер енгізу, Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде жүргізеді, бірақ Орындаушы Орындаушының қызметтер нәтижесіне толық және тиісті түзетулер енгізгені туралы Тапсырыс берушінің жазбаша растауын ұсынған жағдайда не болмаса - қайта қызмет көрсету. Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде, бірақ Орындаушы Тараптар қол қойған жұмыстарды қайта орындау актісін ұсынған жағдайда жүргізеді.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Шарттың өзге талаптарына қарамастан, аванстық төлем (алдын ала төлем) Шартқа №1 қосымшада көзделген жағдайда ғана жүргізіледі, бұл ретте Стандартта көзделген талаптар ескеріле отырып жүргізіледі. Алдын ала төлем жүргізу үшін Орындаушы мынадай құжаттарды ұсынады:

2.4.1. Төлем шоты;

2.4.2. Авансты (алдын ала төлем) қайтаруды қамтамасыз ету Егер орындаушы 1) Қор және Қор ұйымдары болып табылса; 2) сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар) арқылы жүзеге асырылады; 3) сатып алу нысаны сактандыру қызметтері, электр энергиясы немесе жанар-жағармай материалдары болып табылатын жағдайларда (Тапсырыс берушінің шешімі бойынша); 4) сондай-ақ сатып алу категориялық стратегиясында өзгеше көзделген жағдайларда авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмайды.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады;


2.5.2. Көрсетілген қызмет актісі (түпкілікті, аралық).

2.5.3. Шот-фактура;

2.5.4. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (қызметтердің ақтық төлемі кезінде), бірақ Стандарттың 64-бабының 12-тармағында белгіленген мерзім шегінде.

2.6. Орындаушы көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Жүйе арқылы жібереді. Жүйеде көрсетілген Қызметтер актісін (актілерін) электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының Төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің





мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Шот-фактура өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және айналым жасалған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазып беріледі. Тапсырыс беруші төлемді ішінара немесе толық аударғаннан кейін Орындаушы электрондық шот-фактураны (ЭШФ) кері қайтарып алуды, жоюды және түзетілген ЭШФ шығаруды жазбаша хабарламадан және Тапсырыс беруші тарапынан келісім алғаннан кейін ғана жүргізеді.

2.9. Төлеуші Банкінің төлемді орындауға қабылдағаны туралы белгі қойған күні төлем күні болып есептеледі.

2.10. егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотқа толық немесе ішінара дау айтқан жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуі тиіс, ал Орындаушы дауды шешу бойынша Тапсырыс берушінің пайдасына соманың дауланбайтын бөлігіне қайтадан шот қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

2.11. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Орындаушы Тапсырыс берушінің төлеуге жататын соманы біржақты тәртіппен (өзара есепке алуды жүргізу тәртібімен) азайтуға құқылы екендігімен келіседі: - осы Шарттың және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелердің ережелеріне сәйкес Тапсырыс беруші және ұсынатын ресурстардың және (немесе) қызметтердің құны, - сондай-ақ Орындаушыны жазбаша хабардар ете отырып осы Шарттың және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелердің ережелеріне сәйкес Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкцияларының және/немесе шығындардың сомасына.

2.12. осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға тиесілі негізгі ақша сомасын өтейді.

2.13. Осы Шарт бойынша ҚР - дағы Орындаушының мекенжайына ақша аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал корреспондент-банктердің банк комиссияларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ҚР-дан тыс жерлерде ақша аудару бойынша барлық өзге шығыстарды Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің мекенжайына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.14. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, осы Шарттың жалпы сомасынан төлем көзінен ұсталатын табыс салығы ұсталатын болады. Мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте, егер Орындаушы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес барлық қажетті құжаттарды (апостиль қойылған резиденттік сертификаты және т.б.) ұсынған жағдайда, Тараптар салық салудан босату немесе төмендетілген салық ставкасын пайдалану бөлігінде қолданыстағы халықаралық шартты басшылыққа алуға құқылы.

2.15. Орындаушы осы Шарттың және/немесе Тапсырыс беруші мен орындаушы арасында жазбаша нысанда жасалған өзге де мәмілелердің/келісімдердің талаптарында тікелей көзделмеген, бірақ тиісті түрде көрсету үшін қажетті және осы Шарттың нысанасына жататын қызметтер көрсетудің сапасын және (немесе) техникалық сипаттамаларын және (немесе) талаптарын жақсартуға әсер ететін қандай да бір қосымша жұмыстарды орындаған жағдайда, орындаушы осы қызметтер осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде көрсетілген, Тапсырыс беруші қосымша ақы төлеуге жатпайды. Орындаушы шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды, оның ішінде шарт жасасу кезінде көрсетуге жататын қызметтердің толық көлемін немесе бұл үшін қажетті шығыстарды көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да талап етуге құқылы емес.

2.16. Орындаушының нақты шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілгендерден аз болған және орындаушы алған үнемдеу көрсетілген қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.17. ҚР салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары


3.1. Қызметтерді көрсету мерзімдері, талаптары, көлемі және орны осы Шартқа №1 қосымшаға сәйкес айқындалады.

3.2. Орындаушы қызметтер көрсету үшін бірлесіп орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) беруі мүмкін көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері Шартқа №2 қосымшада көрсетіледі.

3.3. Егер Смета оны жасасу кезінде Шартқа қосымша болып табылмаса, Тапсырыс берушінің талабы бойынша (Шарт жасалғаннан кейін) Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талапты жіберген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасы бойынша сметаны беруге және Тапсырыс берушімен сметаны осы Шарттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдау туралы қосымша келісім жасасуға міндетті. Қызметтер Орындаушы жасаған сметаға сәйкес көрсетілген жағдайларда смета күшке ие болады және Тапсырыс беруші оны растаған кезден бастап шарттың бір бөлігіне айналады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:





4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы жергілікті қамту үлесінің есебі (жүйеде ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.4. Көрсетілген қызметтерді шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

4.1.5. Тапсырыс берушіге берілетін қызметтер нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету; Шартта көзделген қызметтерді мыналарды сақтай отырып, уақтылы және сапалы көрсету: 1) қолданылатын құқық талаптары, оның ішінде экологиялық заңнама, Шарт талаптары (Шарттың 4.1.1-тармағында көрсетілгендей); 2) санитариялық-эпидемиологиялық, мемлекеттік экологиялық және (немесе) басқа да сараптамалар қорытындыларының барлық Шарттарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің атына берілген экологиялық рұқсатты (қоршаған ортаға эмиссияларға) (қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін, оның ішінде ластанудың әрбір көзі бойынша, жұмыс істеу мерзімін және т.б.) қамтиды. Егер осы Шартта (оның ішінде Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында) өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген қызметтерді өз күшімен, материалдармен және құралдармен (персоналмен, жабдықпен, технологиялық жабдықпен, машиналармен және механизмдермен, арнайы техникамен және т.б., құралдармен және аспаптармен, ЖЖМ және т. б.) көрсету. Орындаушының сұратуы бойынша объективті (техникалық және басқа) мүмкіндік болған жағдайда, Тапсырыс беруші (өтеулі негізде) қызметтерді көрсету үшін қажетті ресурстармен және қызметтермен қамтамасыз етуді ұсынады, оның шекті тізбесі, мазмұны, құны және төлеу тәртібі "Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі" шартына қосымшада көрсетіледі.

4.1.6. Қаражанбас кен орнындағы электр желісіне қосылу үшін (вахталық вагондар, электр қондырғылары, электр жабдықтары және т. б.), Орындаушы алдын ала (қызмет басталғанға дейін, оларды уақтылы көрсету үшін қажетті мерзімдерде): - энергиямен жабдықтаушы ұйыммен өз бетінше шарт жасасады; - Тапсырыс берушінің аумағында қызметтерді қауіпсіз жүргізу мақсатында Тапсырыс берушіден техникалық шарттарды алуы, сондай-ақ Орындаушының барлық қосылатын электр қондырғыларының Қазақстан Республикасында қолданылатын тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларының және электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.1.7. Осы Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін барлық қажетті рұқсат беру және кез келген өзге құжаттарды және өкілеттіктерді өз бетінше және өз есебінен алуға және иеленуге, оның ішінде, шектелмей: - көрсетілетін қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат; - Орындаушының шарт бойынша Қызметтерді көрсетуіне байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны беруі немесе орындауы нәтижесінде немесе салдарынан орын алуы мүмкін құралдарға, жабдыққа, технологияға не оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиялардың талаптарына байланысты. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді; - Шарт бойынша қызмет көрсету үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттары.

4.1.8. шарт бойынша қызметтер көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттерін тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тарту;

4.1.9. Қызметтер басталғанға дейін Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің аумағына тасымалданатын материалдардың, машиналардың, көлік құралдарының, жабдықтардың, құрал-саймандардың және басқа да мүліктің толық тізімін, сондай-ақ жұмыс істейтін персоналдың тізімін ұсыну қажет. Тапсырыс берушінің аумағына жеке автокөлік персоналының кіруіне және онда Орындаушы көрсетпеген адамдардың болуына жол берілмейді. Қызметтер аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағынан әкету үшін жұмсалмаған материалдардың, машиналардың, жабдықтардың және құрал-саймандардың, қалдықтардың, жұмсалмаған материалдардың және басқа да мүліктің тізімін ұсынады. Мұндай әкетуді Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтер туралы актіні қол қоюға ұсынғаннан кейін Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 күн мерзімде жүзеге асыруға және (немесе) аяқтауға тиіс. Орындаушының Тапсырыс берушінің аумағынан материалдарды, жабдықтар мен құрал-саймандарды немесе Орындаушыға тиесілі емес өзге де мүлікті әкетуіне жол берілмейді.

4.1.10. Қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне байланысты қойылатын талаптарын сақтау, сондай-ақ "Қауіпсіздік, еңбек, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар, Бұзушылықтар үшін айыппұлдардың мөлшері" (техникалық қажеттіліктер үшін ашық көздерден суды пайдалануға тыйым салуды қоса алғанда) шартына қосымшаның талаптарын сақтауға, "Қаражанбасмұнай" АҚ объектілерінде өз қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен немесе "Қаражанбасмұнай" АҚ үшін өзара іс-қимыл жасау қағидалары шартына қосымшаның міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы қажетті шарттарды, талаптарды және стандарттарды сақтамаған жағдайда Орындаушыға тыйым салуға негіз болған себептер жойылған кезге дейін Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе көрсетілетін қызметтер көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп санайтын көрсетілетін қызметтерге ғана азайтылуы мүмкін. Бұл ретте





Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелердің уақтылы және толық орындалуы үшін жауапты болады;

4.1.11. қызмет көрсету барысында тапсырыс беруші мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

4.1.12. Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің жұмысына қызметтер көрсету үдерісіндегі өзінің іс-әрекеттеріне кедергі келтірмеу;

4.1.13. Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағын тазалау немесе рекультивациялау жүргізген жағдайда Орындаушыға тиесілі емес қандай да бір мүлікті және/немесе қалдықтарды, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүлкін пайдалану нәтижесінде пайда болған қалдықтарды әкетпеу;

4.1.14. ұсынылатын қызметтердің сапасына бақылау жүргізу, ұсынылатын қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;

4.1.15. Тапсырыс берушіден тиісті сұратуды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуына байланысты кез келген (анық) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде қызметтер көрсетуге қатысты іс-қимылдардың мәртебесі жөніндегі ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсыну. Бұл ретте ақпаратты беру сипатын, көлемін және нысанын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші айқындайды.

4.1.16. Тапсырыс берушіні дереу ескертіп, оның нұсқауларын алғанға дейін қызмет көрсетуді тоқтата тұру: Тапсырыс беруші үшін оның қызметтерді орындау әдісі туралы нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдары, теріс нәтиже немесе одан әрі қызмет көрсетудің орынсыздығы, Орындаушыға тәуелді емес, көрсетілетін қызметтер нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде көрсетуге мүмкіндік бермейтін өзге де мән-жайлар. Қызметтер көрсетуді жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтерді тоқтата тұру туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.17. үшінші тұлғаларда шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген қызмет нәтижелеріне айрықша және өзге құқықтардың және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтар беруге міндеттенеді;

4.1.18. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарының тиісінше орындалмауынан, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттерден туындаған барлық келтірілген залалдарды өтеу;

4.1.19. шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде орындаушы қызметінің нәтижесінде туындауы мүмкін оқиғалар үшін, сондай-ақ орындаушының өкілдерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды қоса алғанда, заңнама, мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен Тапсырыс беруші (ішкі құжаттар және т.б.) талаптарын сақтамағаны үшін, сондай-ақ орындаушының қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік бақылаушы органдар алдында толық жауапты (оның ішінде келтірілген залалды өтеу бойынша материалдық жауапкершілік);

4.1.20. мыналармен байланысты туындайтын барлық іс-әрекеттерге, шағымдарға, талаптарға, шығындарға, шығындарға, шығыстарға және міндеттемелерге байланысты Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатуға, қорғауға, залалды өтеуге және жауапкершілікке тартылмауын қамтамасыз ету: - қызмет көрсетуге байланысты туындайтын үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзу немесе болжамды бұзу; және (немесе) - үшінші тұлғаларға зиян келтірумен, соның ішінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты.

4.1.21. шарт бойынша қызмет көрсету аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс берушіден алған барлық ақпаратты Шартты орындау үшін қайтару (қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпарат, құжаттама, сызбалар мен жоспарлар және т. б.);

4.1.22. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде/аумағында қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушіге ай сайынғы негізде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында, тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде қызметтер көрсету кезінде ақпарат ұсыну: -жұмыс уақытын жоғалтумен байланысты барлық жазатайым оқиғалар (өндіріспен байланысты және байланысты емес), жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқиғалар (авариялар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға залал келтіруге, мүлік пен жабдыкқа материалдық залал келтіруге әкеп соққан жағдайлар)туралы ақпарат; - Тапсырыс берушінің объектілерінде Орындаушының (қосалқы орындаушының/бірлесіп орындаушының) жұмыскерлері жұмыс істеген жұмыс уақытының саны туралы ақпарат; - қызмет көрсету үшін пайдаланылған автотехниканың жалпы саны және Орындаушының автокөлік құралдарының жалпы жүрісі туралы ақпарат; -жұмыс уақытын жоғалтумен болған жазатайым оқиғалардың, жол-көлік және басқа да оқиғалардың себептері туралы ақпарат.

4.1.23. егер Шарт консультациялық қызметтерді сатып алуға жасалған жағдайда, осы Шартқа "Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер" Қосымшасында баяндалған мүдделер қақтығысы туралы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына кепілдік беру және Шартқа қосымшаға сәйкес мүдделер қақтығысының болмауы туралы кепілдіктерді және Орындаушының сендірулерін бұзғаны үшін жауапкершілік алу.

4.1.24. Орындаушы Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Орындаушы мен бірлесіп орындаушы (қосалқы мердігер) қызметкерлерінің арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді.





4.1.25. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша және Тапсырыс беруші айқындаған мерзімдерде Орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушылардың (қосалқы мердігерлердің) шарт бойынша қызметтер көрсетуге тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты, олардың азаматтығын және әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып, сондай-ақ шарт бойынша қызметтер көрсетуге тартылған Орындаушының және/немесе оның бірлесіп орындаушыларының (қосалқы мердігерлерінің) еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер бойынша өзге де қосымша ақпарат пен құжаттарды беруге міндетті.

4.1.26. егер осы Шарттың талаптары қызметтерді көрсету процесінде Орындаушының тауарларды/материалдарды, оның ішінде алыс-беріс материалдарын/қызметтерді көрсету үшін тауарларды жеткізуін көзден өткізсе, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жағдайда, Орындаушы отандық тауарларды сатып алуға міндетті. Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушімен оның отандық тауарларды сатып алу шарттарын келісуге міндетті. Орындаушы Тапсырыс берушімен келісілген отандық тауарларды сатып алу шарттарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін, оның ішінде көрсетілетін қызметтер аяқталғаннан кейін ұсынылатын Орындаушының жергілікті қамту жөніндегі есебін тексеру кезінде Тапсырыс берушіге барлық ақпаратқа рұқсат береді.

4.1.27. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесін шарт сомасының % [міндетті жергілікті қамту пайызы] мөлшерінде қамтамасыз ету.

4.1.28. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруі міндетті. Жергілікті қамту үлесі бойынша жалған ақпарат ұсынылған жағдайда, Орындаушы Стандарт пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.29. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.30. Стандартта көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары қабылдаған тиісті шешімдерге сәйкес шартты орындауға тартылған өз қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын ұлғайту. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Орындаушының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстардың ұлғаюын растайтын ақпарат пен құжаттарды тоқсан сайын / ай сайын беру болып табылады.

4.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.2.1. Орындаушы көрсеткен қызметтерді шарт талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.2.2. Наразылықтар болмаған жағдайда көрсетілген Қызметтер актісіне Орындаушыдан оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.2.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға;

4.2.4. Осы Шартта көзделген көлемде және шарттарда Орындаушыға қызметтер көрсетуге жәрдем көрсету, оның ішінде сапалы және уақтылы қызметтер көрсетуге ықпал ететін Тапсырыс берушіге байланысты (және Орындаушыға байланысты емес) талаптарды қамтамасыз ету.

4.2.5. қызметтер басталғанға дейін орындаушыға қоршаған ортаға эмиссияларды құруға байланысты санитариялық-эпидемиологиялық, мемлекеттік экологиялық және (немесе) басқа да сараптамалардың барлық қорытындыларын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерге экологиялық рұқсатты (егер Тапсырыс берушінің атына берілсе) ұсыну.

4.2.6. Тапсырыс берушінің экологиялық рұқсаты шегінде қызметтер нәтижесінде пайда болған (егер Тапсырыс берушінің аумағында орындалса) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін тиісті шығыстарды Орындаушыға кейіннен қайта бере отырып экологиялық төлемдер (салықтар) жүргізу (оның ішінде Шартта көзделген тәртіппен орындаушыға төленуі тиіс соманы азайту жолымен).

4.3. Орындаушы құқылы:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және көрсетілген Қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.3.3. Тапсырыс берушінің қызмет көрсету үшін Орындаушыға қажетті ақпараттың толық көлемін ұсынуын талап ету.

4.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен сан қызметтерін алуға;

4.4.2. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен Шарт құнының тиісінше азаюымен бас тартуға;





4.4.3. Стандартта және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға.

4.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Шартты бұзу.

4.4.5. Осы Шартта және оған қосымшаларда көрсетілген қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге; көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.6. Егер Орындаушы көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, жазбаша нұсқамен бұзушылықтар жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім беру;

4.4.7. Көрсетілетін қызметтердің сапасын және көрсетілетін қызметтердің оларды көрсетудің кез келген кезеңінде ҚР-да қабылданған талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

4.4.8. Тапсырыс берушінің осы Шарттың мәселелері бойынша Орындаушының кез келген техникалық немесе өзге де ақпаратына, оның ішінде Орындаушының отандық тауарларды сатып алу талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру кезінде қол жеткізуге құқығы бар.

4.5. Тапсырыс беруші мен орындаушы, сондай-ақ олардың бірлесіп орындаушылары (қосалқы мердігерлері), қызметкерлер, агенттер мен қызметшілер ҚР Салық кодексінің ережелерін және оларға қолданылатын басқа да ережелерді, соның ішінде есептерді жасау мен ұсыну және кез келген салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеу міндеттемелерін сақтау үшін жауапты болады.

4.6. Тараптардың әрқайсысы өзіне заңнамамен жүктелген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді аударуға тиіс.

4.7. Осы Шарттың әрбір Тарапы қарсы Тарапты тиісті мемлекеттік орган кінәлі тараптан оларды төлемеуіне немесе уақтылы төлемеуіне байланысты өндіріп алуы мүмкін айыппұл және пайыздық төлемдерді қоса алғанда, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлемеуіне немесе уақтылы төлемеуіне байланысты кез келген талаптар мен талаптардан босатады және қорғайды.

4.8. Орындаушы Тапсырыс берушінің заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты орындаушыға байланысты туындаған мемлекеттік органдар/уәкілетті тұлғалар және өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға, әкімшілік/сот талаптарына байланысты шығыстар мен залалдарды, оның ішінде ҚҚС бойынша декларацияға қосымшаларда мәліметтерді, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды уақтылы көрсетпеуді қоса алғанда, салық және басқа да міндетті төлемдерді төлеуге қатысты шығыстар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеуге міндетті,

4.9. Орындаушы тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге және төлеуге, сондай-ақ салық органына салық есептілігін дұрыс жасауға және уақтылы ұсынуға міндетті. Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс берушіге егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілері анықталып, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылса не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қосымша есептелетін болса, мсалықтарды, өсімпұлдарды және басқа да төлемдерді қоса алғанда, қоса есептелген төлемдер сомасын өтеуге, сондай-ақ көрсетілген сомаларды Тапсырыс берушіге 10 (он) жұмыс күні ішінде төлей отырып, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын төлеуге міндеттенеді, Орындаушы қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамаған, қосылған құн салығын қайтармаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржы санкцияларын қоса есептемеген жағдайларға алып келген өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ өзі орындауға тартқан қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттер мен қызметшілердің шарты бойынша міндеттемелерінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де осы тармақ бойынша жауапты болады.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердің олардың техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындаушы қызметтер толық көлемде аяқталғаннан не қызметтердің жекелеген бөліктері аяқталғаннан кейін (егер №1 қосымшада аралық төлемдер көзделсе) күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қол қоюға көрсетілген қызметтер актісін (орындаушы тарапынан қол қойылған екі данада) ұсынады және оған атқарушы құжаттаманы береді: -есептер, - заңнамамен белгіленген тәртіпте қол қойылған объектіні пайдалануға қабылдау туралы акт (көрсетілген қызметтердің қорытынды актісіне қосымша ретінде (авторлық және техникалық қадағалау бойынша), - және (немесе) басқасы. Қызметтерді аралық қабылдау жағдайында, қызметтерді толық көлемде көрсету аяқталғанға дейін Тараптар көрсетілген қызметтердің аралық актілеріне қол қою арқылы қызметтер көрсетудің жекелеген кезеңдерін тапсыру-қабылдауды жүзеге асырады. Көрсетілген қызметтердің аралық актілеріне Тараптар қызметтер толық көлемде аяқталғаннан кейін қол қойылатын көрсетілген қызметтер актісі сияқты тәртіппен және мерзімдерде қол қояды (қорытынды немесе түпкілікті актісі).

5.3. Тапсырыс беруші орындаушыдан көрсетілген қызметтер актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген





қызметтердің нәтижелерін қарайды және тексереді (оның ішінде көрсетілген қызметтер актісі мен атқарушы құжаттаманы қарайды). Бұл ретте, көрсетілген қызметтер актісі электрондық құжат түрінде шарт жасалған жағдайда сатып алу веб-порталында электрондық көшірмелер түрінде Тапсырыс берушіге жіберіледі.

5.4. Қызметтер бойынша ескертулер болмаған кезде Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды және орындаушыға жібереді. Қызметтерде кемшіліктер немесе шарттан қызметтерді қабылдау кезінде нашарлататын ауытқулар анықталған кезде Тапсырыс беруші осы Шарттың 5.3-тармағында белгіленген мерзім шегінде дереу Орындаушыға бұл туралы жазбаша мәлімдейді, бұл ретте Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша мыналардың бірін іске асыруға құқылы: 1) көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін белгіленген мақсат үшін пайдалану мүмкіндігін болғызбайтын және Орындаушы, Тапсырыс беруші немесе өзге де тұлға жоя алмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда) көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін қабылдаудан және оларға ақы төлеуден бас тартуға, ал егер оларға ақы төленсе - қайтаруды талап етуге және көрсетілетін қызметтер үшін төленген ақша сомасын алуға, сондай-ақ залалдардың өтелуін талап етуге және алуға; Тапсырыс беруші актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тараптар (Тапсырыс беруші тарапынан тиісті талап болған кезде) қажетті пысықтаулар тізбесі және оларды орындау мерзімдері (Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Шартты орындаудан бас тартқан жағдайларды қоспағанда) бар екі жақты акт жасайды. 2) өз таңдауы бойынша орындаушыдан талап ете отырып, көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін қабылдауға міндетті: - көрсетілген қызметтер үшін сыйақыны тиісінше азайту; - Орындаушының қызмет нәтижесіне өтеусіз түзетулер енгізуі; - қайта қызмет көрсету. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші өзіне бұрын берілген қызмет нәтижелерін, егер қызмет сипаты бойынша мұндай қайтару мүмкін болса, Орындаушыға қайтарады. Қайта көрсетілген қызметтерді тапсыру және қабылдау Тараптардың көрсетілген қызметтер актісіне қол қою үшін осы Шартта көзделген тәртіпке ұқсас қайта көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюы арқылы жүргізіледі; - кемшіліктерді өз қаражатымен немесе үшінші тұлғалармен түзету бойынша шеккен шығындарын өтеу. Бұл ретте Тапсырыс беруші Шарттың 5.5-тармағына сәйкес белгіленген мерзімдер шегінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі шығыстарды жабу үшін Орындаушыға тиесілі сыйақының бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Оларды қабылдау кезінде қызметтерде (әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде белгіленуі мүмкін еместерден басқа) кемшіліктер анықталған кезде, Көрсетілген қызметтер актісінде не қабылдауды куәландыратын өзге де құжатта тараптар осы кемшіліктерді не оларды жою туралы кейіннен талап қою мүмкіндігін ескертеді.

5.5. Егер Орындаушыны көрсетілген қызметтерде анықталған кемшіліктерді жою қажеттігі туралы хабардар еткеннен кейін (10) он күнге дейінгі мерзімде немесе Тапсырыс беруші және/немесе құзыретті мемлекеттік органдар белгілеген өзге де мерзімде кемшіліктер жойылмаса, Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен дүбірді бұзуға және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.6. Шарттың 5.4-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды Тапсырыс беруші жұмыстарды қабылдау кезінде кемшіліктердің анықталуына байланысты (Шарттың 5.4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендей), сондай-ақ олардың кейіннен ҚР Азаматтық кодексінде көзделген мерзімдер ішінде (кепілдік және (немесе) өзге мерзім) анықталуына байланысты қоя алады.

5.7. Егер заңнамада көзделген жағдайларда көрсетілген қызметтердің нәтижелерін тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісін (аттестаттау, рұқсат, тіркеу, рұқсат) алмай пайдалануға жол берілмесе, Орындаушы Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекітуді/келісуді алу бойынша барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті болады.

5.8. Орындаушы осы Шарт бойынша (құзыретті органдардан және (немесе) ұйымдардан) қажетті бекітуді/келісуді алу мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыға алдын ала хабарлай отырып, Орындаушының есебінен осындай бекітуді/келісуді орындау үшін үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа


6.1. Орындаушы көрсетілетін қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Көрсетілген қызметтердің сапасы Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызмет түрі бойынша тиісті саланың облыстары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стандарттарға/белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс;

6.3. Заңнамада немесе шартта (Шартқа №2 қосымшада) Орындаушының Тапсырыс берушіге қызметтер сапасына кепілдік беруі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда сапа кепілдіктері қызмет нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады.

6.4. Санкциялық шектеулер шеңберіндегі талаптар, кепілдіктер мен міндеттемелер

6.4.1. Тараптар осы шартты Орындаушының кепілдіктерінің негізінде және соларға сене отырып жасасады. Орындаушы төмендегілерге кепіл болады: (а) Орындаушы да, оның үлестес болған тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне, SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлектелген және бұғатталған адамдардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе талап еткенге дейінгі депозиттерге арналған шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған әлде жалғыз немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынуға), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List - негізделмеген санкциялар тізімі), АҚШ қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы әкімшілендіретін (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) сондай-ақ аумақтан тыс әсері бар кез келген өзге де санкциялық тізіміне қосылмаған; (б) Орындаушының Шартқа отыруы және/немесе оны орындауы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген





санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (с) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемесін орындауға міндетті күні және оны осы Шартқа сәйкес нақты орындалған күніне дейін Орындаушының шоттары, оның ішінде осы Шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылған меншікті және корреспонденттік, оларға қатысты активтерді ұстау режимі қолданылатын ЕО қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын тұлғалардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген банктерде немесе қаржы мекемелерінде (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы қаржы санкцияларын іске асыру басқармасының қаржы санкциялары объектілерінің жиынтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK), және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлектелген және бұғатталған адамдар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе талап еткенге дейінгі депозиттерге арналған шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе жалғыз әлде бірнеше қатаң шарттар сақталған шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ қаржы министрлігінің шетел активтерін бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) тізімдеріне енгізілмеген банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан; (d) Орындаушының атынан осы Шартқа қол қойған тұлға(лар) Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне, SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлектелген және бұғатталған адамдар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе талап еткенге дейінгі депозиттерге арналған шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе жалғыз әлде бірнеше қатаң шарттар сақталған шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ қаржы министрлігінің шетел активтерін бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, эксаумақты әсері бар басқа да кез келген санкциялар тізіміне қосылмаған.

6.4.2. Орындаушының кез келген кепілдігі жалған, күмәнді және (немесе) дұрыс емес болып шықса, Орындаушы екінші Тарапқа осындай Орындаушының кепілдігі жалған немесе дұрыс емес болғаны салдарынан немесе соған байланысты тікелей және/немесе жанама болған залалдарды қарсы Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға шартты тоқтатуға кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, біржақты түрде шартты бұзуға және/немесе шартты орындаудан толық не ішінара бас тартуға құқылы.


6.4.3. Шартқа отырған күннен кейін кез келген жаңа Санкциялар туралы акт қабылданса немесе қолданыстағы Санкциялар туралы актіге өзгертулер енгізілсе, немесе қолданыстағы Санкциялар туралы акт аясы ресми түсініктемелер немесе тиісті құзыреті бар мемлекеттік органның шешімімен кеңейтілген немесе басқа жолмен өзгертілген («Жаңа санкциялар» қолданысқа енгізілген) жағдайда, және осындай Жаңа санкциялар: (a) Тараптың қисынды және негізделген қорытындысына сай, екінші Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауын мүмкін емес немесе айтарлықтай қиын қылса; және (немесе) (b) мұндай Тараптың қаржыландыру көздеріне ұзақ уақыт бойы қол жеткізу мүмкіндігінен айыrsa және/немесе Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса (олардың қисынды қорытындысы бойынша); және/немесе (с) өнімдерді/қызметтердің жеткізілуін бұзуға немесе тоқтатуға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (d) Жаңа санкциялардың салдарынан сақталуы мүмкін емес болғандықтан немесе айтарлықтай кедергі келтіретіндіктен кез келген Тараптың кредиттік шарттарында қамтылған Тарап міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуына әкеп соқтырса; және/немесе (е) мұндай Тараптың кредиттік рейтингісінің төмендеуіне әкеп соқтырса немесе осындай төмендеу мүмкіндігі бар болса (оны тиісті рейтинг агенттілігі жазбаша түрде растаған болса), (бірге – «Жаңа санкциялардың салдарлары»), мұндай Тарап Жаңа санкциялар қабылданған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады), санкциялардың қабылданғанын және осы санкциялардың оған әсерін ресми растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

6.4.4. Санкциялар туралы хабарлама берілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Тараптар Жаңа санкциялардың Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға келтіретін әсеріне қатысты, сондай-ақ Жаңа санкциялардың теріс әсерін болдырмау немесе азайту, соның ішінде осы Шартқа өзгерістер енгізу, тиісті құзыреті бар мемлекеттік органнан рұқсаттар/лицензиялар алу бойынша өз пікірлерін талқылап, келісімдеу үшін кездесу(лер)/келіссөздер («Адал келіссөздер») өткізеді.

6.4.5. Егер Тараптар адал келіссөздер нәтижесінде өзара қолайлы шешімге келсе, Тараптар келісілген шараларды Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде немесе олар келісімдеген басқа мерзімде жүзеге асыру үшін күш-жігерін салады. Тараптар Жаңа санкциялардың бұзылуын болдырмайтын немесе осы шартты орындауға қолданылуын болдырмайтын шараларды іске асыруы мүмкін.

6.4.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күнінен кейін осы тараудың 6.4.5 тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін келісімге келе алмаса, Тараптардың кез келген уақытта жаңа санкциялар қолданылған немесе жаңа санкциялар салдарын тудыратын Жаңа санкцияларға ұшыраған Тарапқа («Тыйым салынған тарап») келісімге келмегені туралы хабарлама жібере алады («Келісімге келмегені туралы хабарлама»). Келісімге келмегені туралы хабарлама жіберілген жағдайда, Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

6.4.7. Жоғарыда айтылғандарды шектемей, осы Шарт бойынша АҚШ долларымен немесе _ (валютаны көрсету) кез келген төлемдерді жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімімен Жаңа санкциялар салдарынан басқаша түрде қолайсыз болған жағдайда, Тараптардың қисынды пікіріне сай, төлемді баламалы валютамен жүзеге асыру Тараптарға жаңа санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік беретін болса, 6.4.8 тармағының ережелері басым тәртіппен қолданылатынына, бұл жағдайда 6.4.5 және 6.4.6. тармақтардың ережелері қолданылмайтынына Тараптар келіседі.





6.4.8. Халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті ескере отырып, егер кез келген уақытта осы Шарт бойынша АҚШ долларында немесе шартқа қолданылатын басқа валютада қандай да бір төлемдерді жүзеге асыру Орындаушы үшін заңсыз, мүмкін емес болып қалса, немесе Тараптардың өзара келісімімен басқаша түрде қолайсыз болған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыны жазбаша хабардар етуге міндеттенетінін, Тараптар мұндай төлем жүзеге асырылатын баламалы валютаны - теңге немесе юань («Баламалы валюта») және алушы Тараптың банктік шотының деректемелері туралы жазбаша түрде келісетінін, Тараптар келісілген валютада төлемді сәтті жүзеге асыру үшін бір-біріне қажетті және қиынды ықпал етуге міндеттенетінін Тараптар растайды және келіседі.

6.4.9. Егер осы Шартта өзгеше белгіленбесе, төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге жататын осы Шарттағы қандай да бір сомалар теңге немесе юаньмен есептелген не анықталған жағдайда, оның ішінде 6.4.8. тармақ қолданылған жағдайда, Тараптар мұндай төлемдерді немесе есеп айырысуларды АҚШ долларында жүзеге асыру мақсатымен бұл сомалар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті есеп айырысу немесе төлем жасалған күнгі (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағамы бойынша АҚШ долларымен есептелетінімен немесе егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет-ресурсында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса, тиісті төлем немесе есеп айырысу күніндегі (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) _____ (басқа елдің ұлттық банкі көрсету) мөлшерлемесі бойынша есептелетінімен келіседі.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта ескерілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген Қызметтер құнының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

7.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.3. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.4. Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша айыппұл төлеуге міндетті (қызмет көрсету мерзімін өткізіп алу жағдайларынан басқа): 1) Орындаушының қызметтерді (қызметтер нәтижесін) нашарлатқан шарттан ауытқи отырып немесе қызметті әдеттегі пайдалану үшін Шартта көзделген не (шартта тиісті талап болмаған кезде) жарамсыз ететін өзге де кемшіліктермен жұмыстарды орындауында көрсетілген осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаушының орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісінше жүзеге асырылмаған қызметтер құнының 10% - ы мөлшерінде 2) орындаушының еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде, оның ішінде көрсетілген қосымшада белгіленген Шарт талаптарын орындамауының және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін "Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар. Бұзғаны үшін айыппұл мөлшері" қосымшасында қарастырылған мөлшерде, 3) шарттың жалпы құнының 5% мөлшерінде: (i) Шартқа қосымша болып табылатын "Қаражанбасмұнай" АҚ объектілерінде немесе "Қаражанбасмұнай" АҚ үшін өз қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен "Қаражанбасмұнай" АҚ-ның өзара іс-қимыл жасау қағидаларының " 2 және 3-бөлімдері бұзылған жағдайларда; (ii) Шартқа қосымша болып табылатын "Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар. Бұзғаны үшін айыппұл мөлшері" талаптары бұзылған жағдайда, егер осы Талаптарда тиісті бұзушылық үшін айыппұлдар мөлшері қарастырылмаса; (iii) орындаушы және оның бірлесіп орындаушысы Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу саласында кемсітушілікке жол берген жағдайда, осындай әрбір жағдай үшін, сондай-ақ (iv) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына жатпайтын өзге де бұзушылық жағдайларында. Бұған қоса Орындаушы көрсетілген айыппұлдардан бөлек, Тапсырыс берушінің шеккен залалын өтеуге міндетті.

7.2.5. Орындаушы қызметкерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарының өзгеруі салдарынан көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдауды - беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалатынына келіседі.

7.4. Орындаушы міндеттемелерді тиісінше орындамаған және/немесе орындамаған және/немесе оның осы Шарт бойынша кепілдіктерді бұзған жағдайда тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды төлеу және залалдарды өтеу Орындаушыны міндеттемелерді орындаудан босатпайды.





7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс;

